



С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті
қалыпты анатомия кафедрасының оқытушылары: Шакенов Б. Ш.,
Ахмад Н.С., Досаев Т.М., Ысқақова Л.Ә. дайындаған
«Адам анатомиясы» оқулығына

П І К І Р

Адам анатомиясы медициналық жоғарғы оқу орындарындағы іргелі пәндердің бірі екені белгілі, сондықтан қазақ тілінде білім алатын студенттерге қажетті ақпарат толық жетуі үшін оқулықтардың сапасы мен деңгейі жоғары болуы тиіс. Авторлар, лектор Шакенов Б.Ш., м.ғ.к., доцент Ахмад Н.С., м.ғ.д., профессор Досаев Т.М. және лектор Ысқақова Л.Ә. (С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ) дайындап, баспаға ұсынып отырған «Адам анатомиясы» оқулығында, анатомия пәнінен сабақты мемлекеттік тілде жүргізетін, бұрынғы шыққан оқулықтардағы кемшіліктерді көрсеткен, оқытушылардың ұсыныстары мен сындары ескерілген.


Ерекше атап өтетін жағдай, жетістік - оқулықтың түсінікті жазылуы, стилистикалық жағынан ақау табу қиынға соғады, бұл авторлардың көп еңбектенуінің нәтижесін білдіреді.

Оқулықтың құрылымы дәстүрлі түрде: тірек – қимыл аппараты, спланхнология, ангиология, қан өндіру және иммундық, нерв және сезім ағзалары жүйелері бойынша берілген.

Анатомиялық терминдер, Халықаралық анатомиялық номенклатурадағы (Terminologia Anatomica, New York, 1998; Международная анатомическая терминология, Москва, 2003) латын және орыс тілдерінде берілген терминдердің, қазақ тіліндегі баламалары болып табылатын, академик А.Р.Рақышевтың «Адам анатомиясындағы халықаралық атау – терминдер» (2011ж.) деп аталатын еңбегіндегі терминдер негізінде берілген. Сонымен қатар біраз термин – атаулар А.Р.Рақышевтың «Адам анатомиясының атласынан» (Алматы, 2006 ж.) алынған.

Соңғы кездері, қазақ тіліндегі көптеген тіркестік терминдердің орналасу реттілігін Халықаралық анатомиялық номенклатура негізінде, яғни, латын тіліндегі тіркестік терминдерінің орналасу реттілігіне сәйкес жасағанда олардың – ағзалардың топографиясын және құрылымдық ерекшеліктерін дәл білдіретіндігі анықталды.

Мысалы: *a.mesenterica superior* – *верхняя брыжеечная артерия*. Осы терминдер тіркесі орыс тілінен тікелей аударылып, қазақша: *жоғарғы шажырқай артериясы* – деп беріліп жүргенін білеміз. Енді осы мысалдың латыншасын қарастырайық: «**a.mesenterica**» – алдында жазылады да бұл артерияның «**шажырқайлық**» екенін, тек содан кейін барып «**superior-**

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Патологиялық анатомия кафедрасы	Пікір

жоғарғы» екенін білдіреді. Бұл терминді қазақ тіліне, латын тіліне сәйкес баламалағанда: артерияның алдыменен **«шажырқайлық»** екенін, одан кейін **«жоғарғы»** артерия екенін көрсетіп анатомиялық орналасуын дұрыс белгілейміз. Себебі, жоғарғы және төменгі шажырқайлар болмайды.

Авторлар, аталған терминдер тіркесін (басқа да осындай терминдерді), латын тіліндегі нұсқасына сәйкес **«шажырқайлық жоғарғы артерия»** - деп беріп, аталған артерияның (басқа да артериялар мен нервтердің) анатомиясын дұрыс белгілеген.

Тағы бір көңіл аударатын жағдай, қан өндіру және иммундық жүйе ағзаларының құрамында лимфа жүйесі де сипатталған. Бұл өте дұрыс, себебі, лимфалық түйіндердің иммундық жүйеге жататыны бұрыннан белгілі, енді оларды біріктіретін уақыт келді.

Иммундық жүйенің орталық ағзалары мен ас қорыту, тыныс алу және несеп шығаратын жолдарындағы шеткі ағаларының құрылымдары берілген. Дене аймақтарының (қол - аяқтың, жамбастың, іш және кеуде қуыстарының, бас пен мойынның) лимфалық тамырлары мен түйіндері, толығымен сипатталған.

Нерв жүйесіне арналған тараудағы, төмендеген өткізгіш жолдарға арналға сызбаларға, олардың мәліметтілігін және көрнектілігін арттыра түсу үшін, авторлар өзіміздің университетің студенттері мен Қазақстанның белгілі спорт шеберінің суреттерін қоса келтіргенін, ризашылықпен айта кету керек.

Кітаптағы түрлі – түсті суреттер негізінен М.Р. Сапинның «Анатомия человека», Мәскеу, 2001ж., оны авторлар алғы сөзінде атап көрсеткен.

Оқулықтың мазмұны анатомия кафедраларының жұмыс бағдарламалары мен қолданыстағы оқу жоспаларын ескере отырып жасалған, ҚР ДСМ ОМЖБС – ның анатомиядан «Жалпы медицина» және «Педиатрия» мамандықтары бойынша қойған талаптарына сәйкес келеді.

Жоғарыда аталған деректерді негізге ала отырып, оқулықты баспаға ұсынамын.

С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ
патологиялық анатомия кафедрасының
профессоры, м.ғ.к., ҚР ДСМ терминологиялық
комиссиясы төрағасының орынбасары



Ахметов Ж.Б.

20.10.2023 жыл